



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

АУМАҚТЫҚ ТҰТАСТЫҚ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ

Жазылова Гульназ Ердаулетқызы

Gulnaz.zhazylova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық универсиеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-23 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б

Андатпа. Халықаралық құқықтың қағидалары бүкіл әлемдік қауымдастық үшін негіз қалаушы ережелер болып табылады. Осындай қағидалардың бірі - халықтардың өзін-өзі анықтау қағидасы мен аумақтық тұтастық қағидасы. Бұл қағидаларды орындау барысында өте жиі коллизиялар туындайды. Қағидалар көпшілік таныған нормалар болып табылады, сондықтан олардың өзара арақатынасының мәселесі белгілі бір халықтардың өздерінің өзін-өзі анықтау құқығын жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған кезде пайда болады.

Аннотация. Принципы международного права являются основополагающими положениями для всего мирового сообщества. Одними из таких принципов являются принцип самоопределения народов и принцип территориальной целостности. Принципы являются общепризнанными нормами, поэтому проблема их соотношения будет возникать каждый раз, когда тот или иной народ решит воспользоваться своим правом на самоопределение.

Түйін сөз. Халықтардың өзін-өзі анықтауы, аумақтық тұтастық, халықаралық құқық қағидалары.

Ключевые слова: самоопределение народов, территориальная целостность, принципы международного права.

Аумақтық өзін-өзі анықтаудың құқықтық мәселелерін шешуде іс жүзінде шекаралардың мызғымастығы және мемлекеттердің аумақтық тұтастығы - қазіргі халықаралық құқықтың іргелі қағидаларын сақтау талаптарымен күрделене түседі. Бұл осы қағидалардың коллизиясына әкеледі. Шетелдік үстемдікке ұшыраған халықтардың өзін-өзі анықтау мәселесі, ал кейбір жағдайларда осы аймақта қалыптасқан бірнеше мемлекеттер арасында бөлінген халықтар мәселесі бүгінгі күні әлемдік маңызы бар коллизияға айналды. Шағын мемлекеттердің аумақтарын басып алу мен мәжбүрлеп ұстап тұрудың халықаралық-құқықтық негіздемесі үшін өзін-өзі анықтау құқығы толықтай теріске шығарылады немесе мемлекет тарапынан аумақтық тұтастық қағидасы оған қарсы тұрады. Бұған тән мысал - Таулы Қарабақтың өзін-өзі анықтауына қатысты Әзірбайжанның постулатқа негізделген позициясы, ол бойынша халықтардың өзін-өзі анықтау құқығының нормативтік күші жоқ, ал егер оның қандай да бір маңызы бар болса, ол мемлекеттің аумақтық тұтастығы қағидасына бағынышты болады. Басқаша айтқанда, мемлекеттің аумақтық тұтастығы қағидасы тараптар осындай келіспеушіліктерді шешуде бағытталуы тиіс жалғыз немесе ең жоғарғы қағида болып табылатындығының көрінісі.

«Отар елдерге және халықтарға тәуелсіздік беру туралы Декларацияға» сәйкес барлық халықтардың өзін-өзі анықтауға құқығы бар және осы құқықтың арқасында олар саяси мәртебесін еркін орнатып, экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын жүзеге асыратындығын мәлімдейді және елдің ұлттық бірлігі мен аумақтық тұтастығын ішінара немесе толықтай жоюға бағытталған кез келген әрекет Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттарымен және қағидаларымен үйлеспейді [1]. Яғни барлық халықтардың егеменді құқығы мен аумақтық тұтастығын құрметтеуге шақырады. Осыған байланысты өзін-өзі анықтау қағидасы мемлекеттің аумақтық тұтастығы мен бірлігі қағидасымен қалай байланысты екендігі жайлы маңызды сұрақ туындайды. Бір жағынан, қазіргі заманғы халықаралық құқық халықтардың өзін-өзі анықтау қағидасын халықаралық құқықтың негіз

қалаушы қағидасы ретінде бекітсе, екінші жағынан, мемлекеттердің аумақтық тұтастығын, олардың қол сұғылмауын, сонымен қатар олардың саяси, ұлттық бірлігін халықаралық қатынастардың стратегиялық қағидасы бойынша ұлттық мемлекеттік саясатта да сақтауды талап етеді.

Аймақтық тұтастық қағидасы мен халықтардың өзін-өзі анықтау құқығына қайшылығына қатысты мысал ретінде Украинадағы оқиғаны айта аламыз.

2014 жылдың ақпан-наурыз айларында арнайы мәртебесі бар Қырым Республикасы және Севастополь қаласы Украинадан бөлінуге ниет білдірді және өз еркімен Ресей Федерациясына қосылды. Қырым Автономиялық Республикасының қосылу процесі 2014 жылғы 16 наурыздағы референдумда көрсетілген Қырым халқының еркінің негізінде халықаралық құқықтың барлық нормаларын сақтай отырып жүзеге асырылды.

Референдумның сұрақтарының бірі: «Сіз Қырымның Ресей Федерациясының субъектісі ретінде Ресейге қосыласыз ба?» деген сұраққа жауап берді. Бұл сұраққа «Ия» деп 96,77% Қырым және Севастополь халқының 95,6% жауап берді, 17 наурызда өткізілген тиісті аумақтарда референдум комиссияларымен мақұлданды [2]. 18 наурыз Қырым Республикасының Ресей Федерациясына кіруі және екі субъектінің қалыптасуы туралы келісімге қол қойылды. Алайда, халықаралық құқықтың нормаларын ұстануына қарамастан, Украина, Еуропалық Одақ елдері, Америка Құрама Штаттары референдумның қорытындысын, Қырым Республикасының тәуелсіздігін және Қырымның Ресеймен қосылу фактісін мойындаудан бас тартты. Оларды танудан бас тартуы мемлекеттің аумағына күш қолдану қаупі немесе оны қолдану нәтижесінде басқа мемлекеттің аумағы алу объектісі болмауы керек екендігімен және мемлекеттің бірлігі мен аумақтық тұтастығын ішінара немесе толық бұзуға, оның саяси тәуелсіздігіне бағытталған әрекет БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен принциптеріне сәйкес келмейтіндігімен негіздеді.

БҰҰ Жарғысының 2-бабының 4-тармағына сәйкес, Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелері өздерінің халықаралық қатынастарында қандай да бір мемлекеттің аумақтық тұтастығына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы күш қолдану немесе күш қолданудан немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттарына сәйкес келмейтін басқа да тәсілдерден бас тартады [3]. Алайда күш қолдану қаупінен тартыну немесе оны пайдаланбау олардан толықтай бас тарту болып табылмайды. Көпшілік көзқарасы тұрғысынан күш қолданудан бас тарту туралы немесе оның қауіп-қатерінен бас тарту туралы мәселені көтерудің қажеті жоқ, өйткені бұл қағида белгілі бір шектерде жұмыс істейді.

Жаңа мемлекетті құрудың құқықтық негізі халықтың өзін-өзі анықтау құқығын жүзеге асыруы болып табылады. Жаңа мемлекет сецессиядан, яғни аумақтың кез-келген бөлігін мемлекеттен ажыратуға және шекаралардың өзгеруіне байланысты туындауы мүмкін. Бұл жағдайда өзін-өзі анықтау құқығын жүзеге асыру мемлекеттердің аумақтық тұтастығы қағидасын бұзуға әкелуі мүмкін. Бұл осы қағидалардың қайшылығына әкеледі. Жаңа мемлекеттің әлемдік қауымдастық мойындауы немесе мойындауы керек екендігі туралы толық анықталған нақты халықаралық өлшемдері жоқ. Сонымен қатар қазіргі жүйе де мемлекеттердің ұлттық тұтастығына немесе ұлттардың өзін-өзі анықтау құқығына кепілдік бере алмайды [4]. Халықаралық құқықтың жоғарыда атап өтілген негізгі қағидалары жаңа мемлекеттерді тану институтына айтарлықтай әсер етеді. Жаңа мемлекеттердің пайда болуы мәселесі кезінде халықтың өзін-өзі анықтау құқығы тануымен тығыз байланысты.

Жалпы алғанда, халықаралық құқық тануды қамтамасыз ету міндеттемесін жүктемейді, бірақ кейбір болған оқиғаларда мемлекеттер жанжалды реттеуде осындай міндеттеуге жол бергені белгілі.

Мысалы, 1996 жылғы Париж-Дейтон келісімдеріне сәйкес Югославия Одақтық Республикасы мен Босния және Герцеговина Республикалары егемен тәуелсіз мемлекет ретінде бір-бірін тануға міндеттелді. Кувейтті өзінің провинцияларының бірі ретінде есептеген Ирак БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 1994 жылғы тиісті шешіміне сәйкес қарулы қақтығыс аяқталған соң «Кувейт мемлекетінің егемендігін, оның саяси тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын таниды» деп шешті [5].

Барлық мемлекеттер әлемдік тәртіпті, әділдікті, халықтар арасындағы теңдікті қамтамасыз ете алмайды. Осындай себептерге байланысты шектеулер, әлеуметтік-саяси құқықтары мен бостандықтарын басу немесе азайту нәтижесінде саны аз халықтардың қанағаттанбауы халықаралық жанжалға айналуы мүмкін жергілікті этносаралық қайшылықтар пайда болады. Осындай жергілікті қақтығыстардың үлгісі ретінде Косовоның тәуелсіздігі, Абхазия, Оңтүстік Осетия, Таулы Қарабақ, Палестинадағы қарулы қақтығыстарды жатқызуға болады. Тарихтан көріп отырғанымыздай, ұлттық-этникалық қақтығыстардың нәтижесінде көбінесе мәртебесі әртүрлі болуы мүмкін жаңа мемлекет құрылады. Мысалы, халықаралық қауымдастықпен танылған Эритрея мемлекеті немесе белгісіз мәртебелі Абхазия және Оңтүстік Осетия.

Эфиопияда қазіргі орталық билікке сол билікке қарсы оппозиция мен Эритреяның әскери құрылымдары қарсы болды. Мангисту Хайле Мариам режимін құлатқан соң, Адис-Аббаның басшылығымен оппозиция билікке келді және қарулы қарсылық басшыларының жетекшілігімен Эритреяның тәуелсіздігін мойындады [5].

Қазіргі әлемде аумақтық даулардың көпшілігі жаңа тәуелсіз мемлекеттің бөлінуіне және қалыптасуына дейін өзін-өзі анықтау нәтижесінде пайда болады. Олардың арасында Оңтүстік Осетия мен Абхазияның егемендігін мойындалуын, Косово, Шығыс Тимор, Оңтүстік Судан және Черногорияның тәуелсіздігінің мойындалуын, Палестина халқының өзін-өзі билеу мәселесін, Эритреяның Эфиопиядан бөлініп шығуын атап кетуге болады. Еуропадағы және басқа да көптеген елдерде орталықтану үрдістері бар. Бұл Испаниядан Каталонияның тәуелсіздігі туралы референдуммен дәлелденеді.

1 қазан күні Каталонияда тәуелсіздік үшін референдум өткізілді. Аймақ үкіметінің ресми өкілі Хорди Турул дауыс берушілердің 90,09% бөліну үшін дауыс бергендерін мәлімдеді. Испания билігі дауыс беруді заңсыз деп жариялады. Референдумның алдын алуға тырысқан полициямен қақтығыстардың нәтижесінде 800-ден астам адам зардап шекті [6].

Халықаралық құқық пен доктринада өзін-өзі анықтау және аумақтық тұтастық қағидаларына бір мағыналы түсініктеме берілмеген. Сонын салдарынан Косово тәуелсіздігін жариялау сияқты кейбір халықтардың өзін-өзі анықтау құқығын мойындауына және Абхазия мен Оңтүстік Осетиядағыдай басқа халықтардың танылмауына әкеледі. Осылайша, халықтардың өзін-өзі анықтау құқығын жүзеге асыруда мемлекеттің аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету мәселесі туындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Декларация о предоставлении независимости колониальным странам и народам // Организация Объединенных Наций официальный сайт http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/colonial.shtml //

- Курилюк Ю. Е., Семеновский И. Д. Правовой аспект вхождения Крыма и Севастополя в состав России // Научная электронная библиотека «Киберленинка» <https://cyberleninka.ru/article/n/pravovoy-aspekt-vhozhdeniya-kryma-i-sevastopolya-v-sostav-rossii/>

- Устав ООН // Организация Объединенных Наций официальный сайт <http://www.un.org/ru/sections/un-charter/chapter-i/index.html> //

- Хабриева Т. Я. Современные проблемы самоопределения этносов. Сравнительно-правовое исследование. М., 2010. С. 17.

- Международное право: учебник / отв. Ред. А. Н. Вылегжанин. 2-е изд. — М. : Издательство Юрайт ; ИД Юрайт, 2010. — 1003 с.

Ремзи Ильясов Объяснены отличия референдумов в Крыму и Каталонии // Электронное периодическое издание «Лента.ру» интернет-газета <https://lenta.ru/news/2017/10/02/otlichia/>